

**КЕЛІСЕМІН**  
«Ақтөбе облысының мәдениет  
архивтер және құжаттама  
басқармасы» ММ басшысы  
А.Юнисова  
2025 ж.

**БЕКІТЕМІН**  
«Ақтөбе облыстық тарихи -  
өлкетану музейі» МКҚК  
директоры  
М.Дүйсенғали  
2025 ж.

**Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің  
«21 ақпан – Дүниежүзілік экскурсия жүргізушілері күніне» орай  
«Үздік экскурсовод» облыстық байқауын өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

- Экскурсия – туристтің немесе экскурсанттың рухани, эстетикалық, ақпараттық және басқа да танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қызмет.
- Осы Ереже «21 ақпан – Дүниежүзілік экскурсия жүргізушілері күні» кәсіби мереке (бұдан әрі - Байқау) шеңберінде үздік экскурсоводқа байқау өткізудің мақсатын, міндеттерін, талаптары мен шарттарын, қорытындысы мен марапатталуын айқындайды.
- Байқауды ұйымдастырушы «Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ «Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК (бұдан әрі - Музей) болып табылады.
- Байқауға қатысушылар қалаған тақырыптық экспозициялары (музейлер үшін), Ақтөбе облысындағы тарихи-мәдени ескерткіштер (өзге мекемелер үшін) бойынша театрландырылған (музыка, баннер, белгілі-бір реквизиттер, тақырыпқа сай киім үлгілері, тағамдар, салт-дәстүрлер және т.б. қолдану) экскурсияларды ұсынуы мүмкін.

**2. Байқаудың мақсаты**

- Музей кәсібінің беделін арттыру;
- Экскурсия жүргізу әдістерін қолдануды кеңейту, экскурсиялық теория білімін тереңдету;
- Музей қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыру, музей қызметін насихаттау, музей қызметкерлері арасында тәжірибе алмасу;
- Музейге келушілерді тарту мәселесін шешуге бағытталған мәдени-білім беру жұмысының инновациялық түрлерін енгізу және жандандыруға ықпал ету;
- Облыс музейлерінің қызметіне қоғам назарын аудару, экскурсиялық қызметтің дамуына ықпал ету;
- Облыстағы үздік экскурсоводты анықтау.



### 3. Байқаудың міндеттері

1. Мәдени-тарихи мұраны зерттеу және сақтау;
2. Экскурсияларды ұйымдастыру бойынша практикалық қызметке қызығушылықты ынталандыру;
3. Оқытудың жобалау-зерттеу әдістерін жетілдіру және дамыту;
4. Экскурсоводтардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту және сөйлеу мәдениетін жетілдіру;
5. Экскурсоводтардың актерлік шеберлігі мен шешендік дағдыларын дамыту;
6. «Экскурсовод» мамандығын танымал ету.

### 4. Байқауды өткізу шарты

1. Байқау 2025 жылғы 20 қаңтар мен 21 ақпан аралығында өткізіледі. (2025 жылғы 20 қаңтардан бастап 10 ақпанға дейін – құжаттар мен өтінімдер қабылданады, 10 – 20 ақпанға дейін – дайындық кезеңі, 21 ақпан күні байқау оффлайн түрде өткізіледі);
2. Байқауға қатысушылар саны – 15 адам (алғашқы болып құжаттарды тапсырған 15 адам қатысады);
3. Байқау 4 кезеңнен тұрады:  
1-кезең: Таныстыру;  
2-кезең: «Үздік портфолио»;  
3-кезең: «Біз туралы».  
4-кезең: «Өз ісінің шебері».
4. Қатысушылар 2025 жылдың ақпан айының 10-на дейін байқауға қатысуға өтінімдері мен жеке куәліктің көшірмесін [e.kraeved29@mail.ru](mailto:e.kraeved29@mail.ru) эл.поштасына жіберу қажет.
5. Мерзімнен кешіккен (10 ақпан) өтініштер қабылданбайды;
6. Байқау екі (қазақ/орыс) тілде өтеді.

### 5. Қатысушыға қойылатын талаптар:

1. Байқауға облыстық және аудандық музейлердегі, сонымен бірге туристік қызмет көрсету саласындағы экскурсия жүргізушілері қатыса алады.
2. Қатысушы өзін таныстыру (байқауға қатысушы өзі қалаған бағытта жүргізуге болады);
3. «Үздік портфолио» кезеңінде байқауға қатысушылар өзінің кәсіби шеберліктерін айқын көрсететін, яғни жұмыс сәттері, сертификаттары мен марапаттары, мақалалары енген жоғары деңгейдегі портфолиосын әзірлеп, байқау күні әділ қазы мүшелеріне ұсынады (*портфолионың эстетикалық, шығармашылық безендірілуіне ерекше көңіл бөлу қажет*);
4. «Біз туралы» кезеңінде қатысушылар өз мекемелерінің тарихы туралы 3 минуттық слайд дайындап, таныстырады;
5. «Өз ісінің шебері» кезеңінде қатысушылар қалаған тақырыптық экспозициялары (музейлер үшін), Ақтөбе облысындағы тарихи-мәдени ескерткіштер (өзге мекемелер үшін) бойынша театрландырылған (музыка, баннер, белгілі-бір реквизиттер, тақырыпқа сай киім үлгілері,



- тағамдар, салт-дәстүрлер және т.б. қолдану) экскурсия жүргізеді (3-5 минут аралығынан аспау);
6. Экскурсия тақырыбының идеясын ашу, дикция, жүріс-тұрыс қаралады;
  7. Музейдің *museum aktobe* инстаграмм парақшасына тіркелу;
  8. Экскурсовод киіміне көңіл бөлу.

#### **6. Байқаудың қорытындысы мен марапатталуы:**

- Байқаудың қорытындысын шығару үшін арнайы комиссия құрылады;
- Байқау барысында қатысушылардың киім үлгісі, экскурсия жүргізу тәртіптері мен міндеттері, сөйлеу мәнері, өзін-өзі ұстауы қаралып, бағаланады;
- Байқау қорытындысын ұйымдастырушылар, мәдениет саласының ардагерлері және мәдениет қызметкерлерінен құралған 5 адамнан тұратын қазылар алқасы анықтайды.
- Қазылар алқасының шешімі түпкілікті, қайта қарауға жатпайды.
- Байқаудың жеңімпаздары туралы ақпарат [www.aqtobe-museum.kz](http://www.aqtobe-museum.kz) сайтында және *museum aktobe* инстаграм парақшасында, облыстың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады;
- Жеңімпаздар төмендегі орындар бойынша анықталып, дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады:

1. **Гран При «Үздік экскурсовод»** – 300 000 теңге
2. **I орын** - 200 000 теңге
3. **II орын** - 150 000 теңге
4. **III орын** - 100 000 теңге

#### ***Ынталандыру сыйлықтары:***

- *«Ерекше дикция»* – 50 000 теңге
- *«Үздік портфолио»* - 50 000 теңге
- *«Өз ісінің шебері»* - 50 000 теңге
- *«Шығармашыл экскурсовод»* – 50 000 теңге
- *«Көрермендер көзайымы»* – 50 000 теңге

Қосымша сұрақтар бойынша төменде көрсетілген нөмірлерге дүйсенбі-жұма күндері 09:00-18:00 аралығында хабарласуға болады: **8(7132) 74-21-43, 8-701-508-50-87**



**Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің  
«21 ақпан – Дүниежүзілік экскурсия жүргізушілер күніне»  
орай ұйымдастырып өткізетін «Үздік экскурсовод»  
облыстық байқауына қатысушының  
ӨТІНІМІ**

|                    |  |
|--------------------|--|
| <b>Аты-жөні</b>    |  |
| <b>Музей атауы</b> |  |
| <b>Қызметі</b>     |  |
| <b>Телефон</b>     |  |